

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасының экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы-ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

ӨМІРБАЯН СЕРИЯСЫ

Басталуы – 2006 жыл



Айбосын Елеусінов

БАЛҒАНЫМ ДОСБАЕВА



Алматы 2008

ББК 33.36
Е45

Е45 Елеусінов А.

Балғаным Досбаева – Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2008
– 244 б. – Қазақ мұнайының ардақтылары. Өмірбаян сериясы.

ISBN 9965-816-21-2

Қазақ мұнайының тарихында тұңғыш мұнай өндіру шебері болған казак қызы, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің депутаттығына үш мәрте сайланған, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Балғаным Нұртасқызы Досбаева туралы тарихи – ғұмырнамалық баян.

ББК 33.36

ISBN 9965-816-21-2

© «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2008

Жарқын тұлға

*Туған жер – күн көзінен шашыраған,
Ұрпағын сәулесімен асыраған.
Онсыз саған тіршілік – қараңғы түн,
Ендеше құрметте де бас ұр, адам!
Сәбит Мұқанов.*

«... Мен, Досбаева Балғаным 1898 жылы тудым. Туған жерім Гурьев уезі, Қызылқоға болысы, № 17 ауыл».

(Балғаным Досбаеваның өзі жазған өмірбаянынан. Атырау облыстық мұрағаты, қор-14, тізімдеме – 4а, іс-108, б-4.)

Патшалық билік тұсында Гурьев уезі Орынбор генерал-губернаторлығына қарасты Орал облысының қарамағында болғаны белгілі. Уезге осы күнгі Индер, Исатай, Махамбет, Қызылқоға, Жылой, Мақат аудандарының жері қараған. Осы аймақта оннан аса орыс-қазақ поселкесі, 17 қазақ болысы уездік әкімшілікке (оязға) бағынған. Соның бірі Тайсойған болыстығы. Болыс он ауылға әмірін жүргізіп отырса керек.

Болыстық ертеден қазақтың қасиетті мекені атанған жердің атауын айдар еткен екен. Тайсойған ежелден мал жайылымы, молшылық көзі болған өңір. «Тұран ойпатының оңтүстік қиыр шетін аймағын алып жатыр. Ойыл өзенінің, әсіресе, оның саласы Жарыпшыққан өтетін аймақтардан шайып әкелген жыныстары шөгінділерінің шоғырынан қалыптасқан. Жалпы ұзындығы 83 шақырымға жуық, ені 40 шақырым, ауданы 2400 шаршы шақырым. Адырлы-қырқалы, биіктігі 1-5 метрге дейін болатын құм-шағылдан тұрады. Өңірінің климаты қуаң-континенттік, қаңтардың орташа температурасы -14°C, шілдеде +24°C. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 180 мм, 1-2 метр тереңдіктен ыза сулы қабат кездеседі. Қуаң құмды жерге бейімделген шөптесін өсімдік биік өседі».

(«Атырау» энциклопедиясы. Атырау-2000, 346 б.)

Тайсойған өңірі, оның қасиетті топырағында кіндік қаны тамған ардақты ұлдары мен қыздары туралы, елінің еркіндігі мен халқының бақыты үшін егесіп өткен батырлары хақында, дүлдүл ақындары мен сөз зергерлері жайында жазылған кітаптар мен дастандар, ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыз әңгімелер қаншама!

Жер атауының шығуы турасында туындаған сөздер де саналуан. Көнекөздерден естіген әңгіменің бірі былайша өрбиді:

Жетірудың Жәнібек байы Құлкеш – Беріш Әлібек баймен Қараой деген жерде құдықтас, қонсы отырыпты. Әлібектің қалыңмалын алып ұзатқалы отырған қызын Жанпейістің Ұзақ атты батыр баласы алып қашқан соң құдалық бұзылады. Ру ара қақтығыстан кісі өлімі болып, Жетірудың байы құнын төлемей Оралдың арғы бетіне қашып көшіп кетеді. Беріштің намысын жоқтап, құн дауымен Алпар батыр қол жинап, Жәнібек байдың соңынан келіссе құн алып, болмаса шауып қайту үшін аттанады.

Қорғаушысының жорыққа аттанғанын естіген Шеркештің 200 жігіті атқа мінеді. Бұлар да құн даулап жүрсе керек. Сөйтіп, бүкіл Қаратоқай Беріштің жылқыларын тігерге тұяқ қалдырмай айдап, Сағыз өзенінің құйылысындағы Үш – Аша – Саржал көлінің төңірегіне 40 мың жылқыны жасырыпты. Қаратоқай жағынан біразға дейін жоқтаушы шықпапты. Соны малданған Шеркеш жігіттері қысырдың тайын сойып, сарқыт сұрағандарға бір тайдан үлестіріп, үш ай шалқып-тасып жүрді деседі. Қаратоқайлар да қарап жатпайды. Айналадағы жанашырларына сауын айтып, қуғын ұйымдастырады. Көнекөз қарттардың ақылымен жерортадағы әулиенің басына келіп тасаттық жасайды да, түн ортасынан ауған соң жусап жатқан жылқылардың сырт жағынан шығып үркітеді.

Мүлгіп тұрған жануарлар сол үріккеннен дүркірей шауып, үйреншікті өрістерінен бір-ақ шығыпты.

Осылайша ақылман ақсақалдарының арқасында құныкерлер барымтаға кеткен малын қақтығыссыз қайтарған ғой. Ал барымташылар өздері жеген және «сарқыт» деп, басқаға үлестірген тайларын адам құнының есебіне жатқызып, бітіскен.

Осы оқиғадан кейін бұл өңір «Тайсойған» деп аталып кетулі-мыс.

Еліне сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс қарап, «Жерұйықты» іздеген, содан Асан Қайғы атанған бабамыз бұдан алты ғасырдай бұрын Тайсойғанды «қақпақты қара қазан» деп бағалағаны белгілі.

Ығылман Шөреков «Исатай-Махамбет» дастанында «Жерұйық» іздеген бабамыздың сөзін растай түседі:

Қаракөл мен Қарабау,
Жерің сортақ, суың тұз,
Шілде айында шөл екен.
Қызылқоға-ну қамыс,
Қысқы отынға мол екен.
Тайсойған деген құмыңнан,
Желдер жарған дымыңнан.
Құралсыз қолмен су ішкен
Қақпақты қара көл екен.

Ал Исатай мен Махамбеттің өмір-тарихын зерттеушілер қос арыстың да Тайсойған өңірінде дүниеге келгенін ақиқаттап жазып жүргенін білеміз.

Көтерген батпан жүкті кең иығы,
Тайсойған – өлкемдегі жер ұйығы.
Мінезін табиғаттың тану қиын,
Төсінде шағыл көшіп, жел ұйыды.

Бұл жердің білесің бе шежіресін,
Тарихқа мол сыйлаған белгілі есім.
Жүрегің самарқаулық шақырса егер,
Еспайдың күйін тыңдап елжіресін.

Алдына жайып салар бар ақпарын,
Сырына қанғың келсе сан ақтарғын.
Есет, Нұрым, Шернияз, Ығылмандар
Толғаған өлең-дастан парақтарын.

Сырымның ұрпаққа үлгі шешендігі,
Қараның қамын ойлар көсемдігі.
Астынан алты қырдың әні естілген,
Мұхиттың мәңгі бақи өшер ме үні?!

(Т.Жаңабайұлы. Сырбаз сырлар. Ақтөбе-2004, 33-б.)

Бұл жер 1837 жылғы 15 қарашада Бекетай құмы «Тастөбе» деген жердегі шайқаста жеңіліске ұшыраған Исатай мен Махамбет және оның серіктестерінің қыс бойы тірек етіп саялаған, батырларын ел-жұрты аяла-

ған жер. Ес жиып, кемелге келген Исатайлар белді бекем буып, осы арадан «Ежелден табан аңдысқан, Ата дұшпанымен» айқаспаққа аттанған-ды.

Біз неткен ер, неткен ер? –
Сергелдеңмен өткен ер.
Ойыл менен Дендерден,
Сағыз бенен Жемдерден,
Одан да талып өткен ер.
Арқада Әлім барды-деп,
Қайыспас қара нар-ды деп,
Оған да келіп жеткен ер.

Тайсойған – Алаш арыстарының бірі Халел Досмұхамедұлының ата қонысы. Бүгінде «Халел ставкасы» деп ескерткіш – белгі қойылған жерде ол студент кезінде-ақ төрт бөлмелі үй тұрғызып, науқастарға ем-дом жасаған екен.

Бұл ара – Мәтенқожа және Сұлтануәйіс сынды әулие-әмбиелердің мәңгілік мекені болған жер.

Доссор кентінен қыр жолымен тура Миялы елді мекеніне тартсаңыз жарты жолдан асқан соң Ойтаң елді мекеніне кезігесіз. Осыдан тіке батысқа – Қарабау елді мекеніне қарай жүрсеңіз Жарыпшыққан өзенінің тармақтарына тірелесіз. Осы жерде «Баба» аталатын қыстақ бар. Қыстау «Бабашағыл» құмдарының төсінде салынған.

Көнекөздер бұл шағылды ертеректе бір атаның балалары жайлаған киелі мекен деседі. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы аудандастыруға сәйкес осы қоныс № 17 ауыл аталса керек.

Демек, Балғанымның кіндік кескен жері Тайсойғанның Баба шағылы.

xxx

– ... Балғанымның туған әкесі Нұртас Байтасов көктемнен қара жаңбырлы суық күзге дейін Тайсойғандағы Боранбай дейтін байдың үйіне жалға жүріп, өзінің бүкіл еңбегі үшін ақыға бір қой және бір тоқыма шекпен алатын болған. Нұртастың бұл тапқаны қалай тартса да жетпегендіктен, бүкіл отбасы болып, байдың, әлді адамдардың есігінде жүріп, тіршілік етеді екен.

Балғаным тоғыз жасқа шыққанда әкесі Нұртас, үш жылдан кейін сүйікті анасы Қырмызы қайтыс болады. Балғаным мен шиттей алты

бала ағалары Берғали мен Қазығалидың қолында қалады. Тіршілік ету бұрынғыдан бетер қиындап кетеді. Балғаным 12 жасынан-ақ әркімнің жұмысын істеп, есігінен кіріп, күлімен шығып жүреді.

(Өмірдеректен. Атырау облыстық мұрағаты, қор –1, тізімдеме –1, іс – 1879, 37-б.)

Бір кезек Балғанымның балалық шағы туралы жазылған аңыз-әңгімедегі айтылғандарға ден қоялық.

«... Ай тастай қараңғы. Түн ортасы болған кез. Саркөлдiң жағасында оқшау тұрған жолым үйдiң шұрық тесiктерiнен кiрiп, ызындаған маса от басында отырған шиеттей жалаңаш балалардың тыныштығын бұзып, ұйқы беретiн емес. Оларға, бiр жағынан, шыбын-шiркейдiң, екiншi жағынан түн қатып, толғатып тұрған шешесiнiң қиналған даусы оңай тиiп тұрған жоқ. Жолым үйдiң оң жағындағы көлденең құрылған бақанның екi басына байланған ала жiпке асылып Қырмызы тұр. Оның ауыр үнiн еститiн жақын жерде тiрi жан да жоқ. Тек шешесiнiң жанына батқан «науқастың» не екенiне түсiнбейтiн бөбектер мен далада мөңiреп тұрған бұзаусыз жалғыз сиыр ғана.

– Жануар-ай, бұзауыңды әлi жоқтайсың-ау! Қайтейiн, тұлыбыңды бауырыңа апаратын менде де дәрмен жоқ. Сен төлiңнен өлiдей айырылсаң, мен он жыл отасқан жолдасымнан тiрiдей айырылып отырмын ғой, – дейдi үнi талып шыққан Қырмызы, маңдайына бiткен жалғыз сиырын есiркеп.

Анасының есiркегенiнен бе, әлде, кешегi түстен берi саумай желiнi сыздағандықтан ба, әйтеуiр, қызыл сиырдың мөңiреуi жиiлеп барады. Ол бiресе бұзауының тұлыбы жатқан тұсқа келедi, бiресе жолым үйдiң алба-жұлба ши есiгiн мүйiзiмен көтерiп басын соғады.

... Талықсып кеткен Қырмызы бiраздан кейiн көзiн ашып караса ұйқыдан көзiн шайдай ашқан екi балапаны монтиып алдында отыр. Бiр тәулiк бойы iшiн түйнеп дөнбекшiткен нәрестенiң нәзiк даусы шығады. Қызыл сиыры жолым үйдi мүйiзiмен тiреп, тұлыбына келiп, ыңыранып тұр. Исiнген сиырдың төрт емшегiнен бiрдей сорғалап сүт жерге тамады. Жарқырап атқан таңнан ұзамай шыққан қырмызы күннiң шұғыласы жолым үйдiң тесiктерiнен алтын найзаларын тiреп, үй-iшiне айқыш-ұйқыш төгiлдi.

– Жалғыздық деген осы да... Жоқ, жалғыз емеспiн-ау... Шүкiр, жасағаным... балапандарым бар ғой, қасымда. Қарақтарымының көкесi де келетiн шығар, әлi!– деп Қырмызы белiн бекем буып көтерiле бергенде бiреу кiрiп келдi.

Нұртас!.. Ол не айтарын білмей, мелшиіп тұрып қалды. Қуаныш қандай?

– Е, бәстөгім, үйіңді танымай тұрсың ба? Балапандарыңның күте-күте көздері талды ғой... Мынау – Бал аяқ нәрестен. Жарық дүниеге шықпай жатып, алыс жолға кеткен әкесін келтірген де өзі. Осының қалың малын алғанда бәстөктен босап, үйде отыратын боларсың, – деп Қырмызы күйеуі Нұртасты әзілдей бастады.

Нұртастың «бәстөк» (пастух-қойшы) болғанына жылдар өткен. Орыс байына жалданған Нұртас жылма-жыл алыс жолдарға мал айдайды. Мұның сорына тап келген бай-жер мен көктің арасын түгел шарлайтын «жалаңаяқ» саудагер. Қар жаңа ғана еріп, көк сылқылдақ болған кезде кеткен Нұртас қара күз таянғанда әрең қайтады.

Бұл Нұртастың әрі ерте, әрі олжалы қайтқан жылы еді. Бай қожасы өліп, бір сапарлық олжасын жалшылары бөліскенде Нұртастың қолына да бір нәрселер тиген болатын. Сондықтан да ол жолы болып, есен-сау үйінің есігін ашқанда, шырылдап жаңа ғана жарыққа шыққан нәрестені бал аяқ болды деп, «Балқаным» атап кеткен.» (*«Социалистік құрылыс», 24-30 наурыз, 1948 ж.*)

Бұл жазбалар, байқап отырғаныңыздай, аңыз – ананың көзі тірісінде, өзімен ауызба-ауыз сұқбаттасудан кейін қағазға түскен, ресми құжатта, газет бетінде жарияланған дүниелер. Солай болғанмен әңгімелерінде алшақтық байқалады. Сәйкеспеушілік басқа дереккөздерде де кездесіп қалады.

Алпыстан астам жыл өткеннен кейін тарих тереңіне үңіліп, сол кездің өзінде жазылғандарды анық етіп баяндап беру қиынның қиыны екеніне ешкім күмән келтіре қоймас. Уәж айта қалғанның өзінде де басқа қайран жоқ. Себебі аудандық, облыстық, республикалық мұрағаттардан қолға ұстатқандай дәйекті кездестіре алмадық. Б.Досбаевамен қатар жүрген құрбылары мен еңбектес болған әріптестерінің көбі о дүниеге аттанып кеткен. Бірен-саран қалғандары жарытып ештеңе айта алмайды.

Сонымен бұл фәниде Нұртас Байтасұлы кім болған?

Профессор Сабыр Қазыбаев, Еңбек Қызыл Ту орденді ардагер мұнайшы Мәтжан Діңғалиев, көнекөз қарт Тарас Сермұхановтардың және мұнайшы-ақын Досы Тілегеновтің жазбаша мұраларына және ауызша әңгімелеріне сүйене отырып, мәлім және беймәлім деректерді зерделейік.

Рулық шежіреге сүйенсек, Нұртас Байтасұлының тегі Кіші жүз Байұлына жататын Шеркештің Қылышкестені тармағынан. Бұл тайпа үш бөлімге таралады: Қылыш, Кестен және Тілес.

Ежелден атадан әкеге, әкеден балаға жетіп, көкейден кетпейтін аңыз әңгіме бар.

Бағзы заманда Шеркештің Қылыш және Кестен атты екі ұлы болса керек. Ержүрек атанған екеуі кезекті жортуылда көп жылқыға тап болады. Оңай олжаға сайып, қуа жөнелмекке беттегенде арасында жүрген балаға кезігеді. Бақса, ол жаугершілікте қолға түскен бейшара екен. Қыршынынан қияйын десе қыршындай жасты аяйды. Баланы байлап тастап, жылқыны қуа жөнелейін десе, қуғыншылар шығады деп қаймығады. Ақыры бопсаға көшіп, баланы жалған сөзді жақтауға көндіреді. Сонда бұлардың бекіскен бекімі былай болып шығады. Ағайынды екеу шапқыншылықта қанжығада кеткен кішкентай бауырын іздеген жоқшылар. Қанша шапқыласа да ұшыраспай жүрген бауырына осы жолы кездейсоқ қауышыпты... Дау дәлелдемеге тірелсе, баланың арқасындағы менді куәға тартуға келісіпті. Ақысы үшін ол басына бостандық алады әрі қыруар малға қожалық ететін болады.

Баланы пенде қылып отырған жақ бұл сөзге иланбаса керек. Қылыш бара «бөктергіге ілігіп кеткен» бауырына бостандық беруді сұрайды ғой. Қарсыластары баланың менін көрсе де көнбей қояды. Ақыры ант беруді талап етеді. Салт бойынша ант беруші ат аунағандай аумақтың шөбін қолмен жұлып тазартуы керек. Сонсоң тазартылған жерде халық алдында оң қолтығына-нан, сол қолтығына – Құран қысып, ақ айтып тұрғанын жариялау керек. Жеме-жемде Қылыш ант беруге бекінеді. Кестен қара үшін аруақтарды алдамауды сұрап, қанша қиылса да бауыры көнбей қояды. Адалдықтан аттап, қиянатты қолдаған барымташылар қыруар малды айдап, қауіпсіз жерге шыққан соң қараса кеуденің нан қысқан тұсы қарайып кетіпті. Олар тілеулес болып, көп жылқыны иеленуге мұрындық болған балаға Тілес деп ат қойса керек. Сол Тілес ержеткен соң дербес шаңыраққа ие болып, бір атаның басы саналыпты. Аруақтың кәріне ұшыраған Қылыштың ұрпағы өспей қалыпты-мыс.

Тілес тайпасынан үш ата тарайды. Жиенбай, Жұмық, Қолпаш.

Жиенбай алтыға бөлінеді: Баба, Бабалы, Төлес, Нияз, Табылды, Тәни.

Төлестен тарағандар аталарының ел қорғаған батыр, ерін жырлаған ақын, еңбегімен аты аңызға айналған азаматтар болғанын тілге тиек етеді. Расында солай.

Төлес батыр бірде елге тиген жауларын қуып, Үстірттен асырып тастап қайтып келе жатқанда қазіргі Құлсары қаласының маңында дем алса керек. Қаннен қаперсіз ұйықтап жатқан батырды артынан бакқан жаулары қапыда өлтіреді. Қазіргі Төлес деген мұнай кеніші сол қайғылы қазаға куә жерден ашылған да батырдың атағын алған.

Жалғыз ағасын жаламенен өлтірткен жауларын мұқатамын деп жүргенде өзі бұғауға түсіп, Сібірге айдалған, елге оралған соң мұнайшылықпен айналысып, кеңестік құрылысты нығайтуға белсене араласқан, Атырау өңірінде тұңғыш рет шығармасы кітап болып шыққан Досы Тілегентегінің:

Байұлы-Шеркеш-Тілеспін,

Жиенбай атам-Төлеспін.

Күнде базар, жиын той

Жүрген жерім кеңеспін, – деп жырлағаны белгілі.

Жиенбайдың Баба, Бабалы атты мирасқорлары да осалдардан емес. Бабалы егеулі найза қолға ұстап, ел қорғаған батыр санатында аталады. Дәулетсіз де болмаған. Оған төмендегідей аңыз-әңгіме көз жеткізгендей:

– Бір қыстың ақпан-тоқпан боранында мыңдаған жылқы ығып, Доссор өңіріндегі «Қарасор» деп аталатын тұзды көлге тірелсе керек.

Сонда әулие-әмбиелер жылқы иелеріне былай деп аян беріпті-мыс.

– Батыр Бабалы, бай Күнту! Жылқың сорлап қалды... Дөйт!

Мал иелері, жылқышылар шұғыл жиналып барса, жылқылар сордан шыға алмай қамалып тұр екен...

Баба туралы аңыз әңгімелер де баршылық. Аңыздың түп-төркінінде шындық жатады ғой. Соны тілге тиек етсек, Баба ержүректігіне қоса салқамдығы бар, айтқанынан қайтпайтын өжет болғанға ұқсайды.

Жазғытұрым. Жарыпшыққанның кемерінен асып, қарқыны күшейіп жатқан кезі екен. Бабалар өзеннің арғы бетіне өте алмай дағдарып тұрып қалады. Сонда Баба:

– Жарыпшыққанның ағыны менің атым мен өзімнің арынымнан күшті дейсің бе, тәйірі?! – деп, суға қойып кетсе керек. Екпіндеген ағын

су екеуін бірдей құшағына ала жөнеледі ғой. Содан серіктестері батырды әуірімдеп әрең құтқарып алыпты-мыс.

Батыр аңғырттау болғанмен оjarлыққа төзбейтін жандардан екен. Ел ішіндегі тентектерді тезге салумен бірге әлсіздерге өктемдік жасап, күш көрсеткендерге еш аяушылық жасамаған деседі. Әсіресе, көшпелі елдің малын барымталайтын сотқарларға тажалдай тиетін болыпты.

Олар:

Тайсойғанның Бабасы,

Құбасайдың Қарасы,

Жетікөлдің танасы –

Қай құдайдың пәлесі, – деп,

әр өңірдің қалқаны саналатын ер жігіттердің қаһарынан қаймығып, тура келсе бет алысын өзгертіп, жылысып жүре береді екен.

Осы сулы да нулы жерде – Бабашағылдың бір бетінде Қуыс бидің ауылы да мекендепті.

Бидің азан шақырып қойған аты Иманғали екен. Өзі Тілестің Табылдысының мұрагері Сексенбайдан өрбулі. Азулы ағайындыларының тепкісіне шыдамады ма, әлде басқа себептермен бе, біраз жыл Бөкейлікте жүріп, елге оралса керек. Көргені көп, түйгені мол жігіт ізгілікті ісімен, ақыл-парасатымен ауылдастарына ұйтқы болып жүріпті. Ел ішінде беделі өсіп, абыройы арта түсіпті. Иманғали Қуыс би атаныпты. Одан тараған ұрпақ та кейіннен Қуыс би ұрпақтары саналып жүр.

Әрине, бұл күншілдерге ұнамайды-ақ. Әсіресе, «ақ» дегенім алғыс, «қара» дегенім қарғыс» деп көкірек керетін бай-шонжарларға жақпаған-ды. Солардың айтағымен бір жағымпаз Қуысты жұрт алдында ар-ожданға тиер сөз айтып, маскараласа керек. Намыстанған би Тайсойғанға қоныс аударыпты. Мұнда келген соң шашырап жүрген бауырларын – Тілестің балаларын қауымдастырып, жер жыртқызып, егін салдырыпты.

Енді өмірдеректегі кейбір анықтай түсетін жайларға назар аударайық.

Тоғыз жасында әкеден, он екі жасында шешеден айырылып, тақыр жетім қалған Балғаным ағалары Қазығали мен Берғалидың тәрбиесінде болады. Олардың да тұрмысы мәз емес: сегіз адамы бар үйдің талғажу жасайтыны ауласында қараятын алты бас малдан алынатын өнім. Жоқшылық көрген балауса қыз кісі есігінде жүруге мәжбүр.

Әрине, бұдан бір ғасырдан астам уақыт бұрынғы хал-ахуалды егжей-тегжейіне жетіп сипаттау мүмкін емес. Оған қоса бізге жеткен жазба деректер жоқтың қасы. Қазіргі Қарабауда туып, осы өңірді сүйіп те, тағдырына күйіп те, жырлап та өткен Мұрат Мөңкеұлының жыр-толғауларынан бірер үзінді келтірейік:

... Тайсойған, Орал бойы өскен жерім,
Кіндігім, кірім жуып, кескен жерім.
Құрбымен жағаласып бірге жатып,
Жарты құрт тату күнде жескен жерім
... Тайсойған, Орал бойы жүрген жерім,
Қызығын дәулетінің білген жерім.
...Қой сойып, үй басына ойын қылып,
Жиылып жүруші еді қыз бен келін.
... Бар еді тәуір қоныс Тайсойғандай,
Ақ шөпті семіртуге әрі малды-ай.

Тайсойған, әсіресе, Ойыл мен Жарыпшыққанның бойының жері шүйгін болумен қатар өзенінде балығы тайдай тулаған, үйрек-қаздар шулаған ырысты жер еді. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» деген. Құс ұстап, балық аулап, тіршілік қылатын. Мындап қой, жүздеп жылқы, ондап түйе айдағандарға қолы жетпеген жатақтардың өзі жазықтыққа тарты өсіріп, күзінде құмаршық жинап, күнелтіс жасайтын. Маңдайына бұйырған ірілі-ұсақты қаралары үшін қысқа азықтық жем-шөпті іргеден шауып алатын. Негізінде Тайсойған төсінде мал қысы-жазы өрісте жайылады екен.

Осындай құтты қоныста жокшылықтан жұтаған жан болмаса керек. Оның үстіне Қуыс билей қауымшыл адамы қамқорласа! Ал қырсыз болып, қамсыз жүрсе өз обалы өзіне.

Қазақтың ең кастерлі дәстүрлерінің қатарында туыс-жегжат әрқашан қоңсы отырып, бір-біріне тілектес те тілеулес болу, аталастарының ар-намысын аяққа бастырмау бастарына ауыртпалық түскенде арқа сүйесу, қысылшаң сәтте қолтығынан демеу, т.б. ғұрыптар қатаң сақталады.

Басқаларынан бөлек отырған үйді қазағым елден ерек ерсілік, иә жазықсыз жанға қиянат жасаған отбасының, иә «мал жиып, арамдықпен ұрлап-қарлап» (Абай) жүрген біреудің баспанасы деп түсінеді.

Нұртас болса ақ адал еңбегімен мал жиып, үйелмендеріне нәпақа табуды ойлаған адам. Және жалғыз басты, сабау қамшылы да емес.

Ағайын-туыстың, керек десеңіз, бір ата елдің ортасында өмір сүруде. Айы-күні жетіп жеңілденейін деп отырған келіншектің қасынан абысын-ажынның бірде-біреуі табылмауы қалай?!

Жалғызілікті әйелдің өзі босанып, өзі шарананың кіндігін кесіп, балақайды бауырына алуы оп-оңай шаруа деп ешкім айтпас.

Б.Досбаеваның ғұмырнамашылары, оның өзі де ата-анасының және ағаларының кім болғанын ашып айтпайды. Бар болғаны бірер дерек. Соларға сүйеніп бір тұспал-жорамал жасалық. Әкесі Нұртас дүниеден өткенде Балғаным тоғыз жасар екен. Ал оның ана құрсағынан шығып жарық дүниені көргеніне куә болған үйелмелі-сүйелмелі балалар алдында әңгімеге мұрындық болған Қазығали, Берғали сынды бүлдіршіндер. Демек, олардың үлкені Балғанымнан көп дегенде 4-5, кішісі – 2-3 жыл бұрын есейген. Олай болса әкелері Нұртас бақилыққа аттанғанда Балғаным 9-да, үлкен ағасы –13-14-те, кішісі – 11-12 жаста екен. Балигатқа толмаған шиттей балаларымен қалған Қырмызы-ана асыраушы азаматынан айырылған соң тіршілік тауқыметін көтере алмай өмірден ерте баз кешуі ықтимал-ау. Ал үйелмелі-сүйелмелі бүлдіршіндері жаны ашыған ағайынның есігінде жүруге мәжбүр болуы да әбден мүмкін.

Бауырлары жалғыз қарындасын қамқорлауға әбден ынталы. Бірақ «қысқа жіп байлауға келсе де күрмеуге келмейді». Өздерінің жағдайы да мәз емес. Бірі шаңырақтың иелігінде қалған бес-алты қараның соңында салпылдаса, екіншісі қоңсы отырған байдың малын бағып, із ауқатты ағайынның отымен кіріп, күлімен шығып жүрген сыңайлы. Әйтсе де «Басқа түссе, баспақшы». Әке-шеше барда еркелейтін де еркінситін Балғаным енді ағаларының бейнетін сәл де болса жеңілдетуді ойлап, шыр-пыры шығып жүргені.

– Ауылым көшіп барады Алмалыға.

Кім көнбейді тағдырдың салғанына.

(Халық әні).

Иә, жазмышқа шара жоқ. Әйтпесе кіндіктен кем жаратылған ештеңесі жоқ. Келісті келбеті бар, ажарсыз да емес. Жыл өткен сайын сымбаттанып келе жатқанын қыз көңілі сезбейді емес, сезеді. Қайсарлығы да бір басына жетерлік. Өткенде желдеп кеткен отырықшы елдің бір қора қойын бір өзі қайырып айдап әкелгенде кәрі-жасы сүйсінген.

Анау Жәңгір ханның тепкісіне шыдамай Нарыннан Тайсойғанға көшіп келген Қалдыбайдың қарындасы Ғайни сұлудай болып, барымташы пәлелерге қарсы жалғыз шабар да еді. Бірақ қанша жүрек жұтқан

болса да қазіргі күйімен қандай қайрат көрсетпек. Күш-қуат жиятын хал-ахуал жетім-жетімектер қалған шаңырақта бар ма? Баптап, баулымақ түгел бауырына тартатын ешкімі жоқ.

Қыз қиялы қияға самғайды. Тым болмаса бүкіл Қызылқоға өңіріне аңыз боп тараған Кермеқас сұлудың тағдыры да пешенеге жазбады-ау деп те күйінеді. Елге тараған аңызға қарағанда Кермеқас осы өңірде өмір сүрген ірі байдың жалғыз қызы екен. Басқа баласы болмаса керек. Тәңірі жалғызды да көпсініп, сұлу қыз жабысқан кеселден жастайынан дүниеден өтіпті. Қасірет шеккен әке жалғызының есімін есте қалдыру мақсатымен оқу үйін салдырыпты да оны «Кермеқас мектебі» деп атапты.

Балғанымның жүрегін елжірететін басқа бір жай да бар-ды. Кермеқас сұлудың өліміне сүйген жігіті қатты күйініпті. Махаббат дертімен уланған шерлінің өмірі де қысқа болыпты. Кермеқастың «жетісі» өткен соң асылып өліпті, жазған....

Жетімдік тақсиреті, жоқшылықтың ауыр азабы, панасыздық Балғанымды тез есейтті. Ғайнижамал сынды, Кермеқас сияқты апаларының ерлік, ғашықтық хикаялары қыз жүрегінің түкпіріне шоқ тастады. Ол шоқ кеудеден жалын боп шығып, жанындағыларды шарпыды.

Ержеткен қыз жайқалған гүлдей жанындағылардың аңсарын аударып, көңілін өзіне ынтықтыратыны кәміл. Сөйтіп жүргенде қай тұзаққа ілініп, қандай дозаққа түскенін білмей де қалады екен. Тең құрбыға қосылып, түгін түтетсе аңсаулы арманына жеткені.

Балғанымның мұнай өнеркәсібіне, атап айтқанда Доссор кәсіпшілігіне келгенге дейінгі тіршілігінің тауқыметі қандай болды? Өкінішке қарай ауыз тұшырлықтай әңгіме жоқтың қасы. Әйтсе де мәлім және беймәлім жайларды сабақтастыра баяндап, шындыққа жетуге тырысайық.

Алдында баяндағанымыздай қыз балиғатқа толмай жатып, әке-шешеден бірдей айырылып, тұлдыр жетім қалады. Кісі есігінде жүріп бойжеткен қыз өзінің ауылдасы Қабылқожамен отасады.

Бұл Балғанымның өзі жазған дерек. Дұрысында басқаның қағазға түсіріп, өзі қол қойған мәлімет. Ресми құжаттарда да осы ақпарат қайталанар.

Көнеқұлақ қариялардан естіген әңгімелерді тілге тиек етсек және кейбір жазбаша мәліметтерге сүйеніп сараптасак, ресми құжаттарда көрсетілгендерге қосымша өмірбаяндық парақтармен танысар едік: ол Балғанымның екі шаңыраққа келін болғаны...

Бәзбіреулер бүгінгі күннің биігінен қарап «ол әркімнің жеке өмірі, басқаның қандай жұмысы бар?» деп пайымдауы ғажап емес. Шынында бүгінгі көзқарас шеңберінде бағамдасақ, біреудің отбасылық, иә бір өзіне қатысты мәселеге араласу әбестік болып саналады.

Мақсатымыз мұнайлы аймақтың мақтанышы болған жанның даңқ биігіне қалай көтерілгенін баяндау болғандықтан оның қандай өткелдерден өтіп, қандай сындарлы шақтарды бастан өткеріп, шындалғанын айтқан абзал.

Ендеше жоғарыдағы әңгіменің төркінінде қандай шындық жатыр? Осы сұрақтың төңірегінде ой оралтайық.

Шежіре де құймақұлақ қария:

– Балғаным екі рет тұрмысқа шыққан. Алғашқы күйеуі тастап кеткен, иә әлде бір себептермен ажырасқан... Ол адамның ныспысы – Бисенбай. Руы Шеркеш – Қойыс – Шүйіш.

«Жел тұрмаса шөп басы қимылдамайды». Сірә, жаны бар сөз сынайлы. Ертеректе зердесі жүйрік азаматтардан осы мазмұндас әңгіме естігенім бар-ды. Олай болса ақиқаты кәні?

Алдымен, «Бисенбай деген кім?» сұрағына жауап ізделік.

Атаегінің шежіресін жіктесек былай өрбітіледі: Кіші жүз – Байұлы-Шеркеш-Қойыс-Шүйіш. Ежелден осы атадан тараған Асау би ауызы дуалы шешен, еліне ұлағаты тараған ақылман адам болыпты. Оның ұлы Тұрлан Исатай-Махамбет көтерілісін қолдаған Шеркеш батырларының бірі екені тарихтан белгілі. Исатай батыр қапыда қазаланғаннан кейін Махамбеттің Тайсойған, Ойыл-Қиыл, Жем-Сағыз өңірлерін аралап, азаттық үшін күресті жалғастыруға тырысқанын білеміз. Сол тұста халық батырына Тұрлан көмекке келеді емес пе. Ол жендеттерін жіберіп, Махамбетті қапыда қазаға ұшыратқан Баймағанбеттен кек алушылардың қатарынан табылған батыр да. Азаттық үшін күреске аянбай атсалысқан асыл ер патша жендеттері ұйымдастырған зұлымдықтың құрбаны болғаны аян.

Қазақ халқының ардақты ұлдарының санатындағы Асау-Тұрландарға төрт-бес атадан қосылатын Есболғанұлы Бисенбай ХХ ғасырдың 20-30-ыншы жылдарында Қызылқоға болысының 17 – ауылында өмір сүріпті. Балғанымның төркіндері Қылышкестен-Бабалар мен Бисенбайдың аталары Қойыс-Шүйіштер бір өзеннің Жарыпшыққанның салаларының бойында мал аралас, қой қоралас қонсы отырған, қыз алысып, қыз берісіп құдандалы, нағашы-жиен

боп әзілдес жүрген жамағайын жандар болулы. Әлбетте ол заманда малы бар мырзалардың абырой-айбары, дәулеті арқылы ғана емес, жас қызға үйленіп, жас иісті иеленгеніне қарай өлшенетін. Бисенбайды осындай аурудың шалығы шарпымады деп кім айтар. Сөз жоқ, үлде мен бүлдеге малынған ауқаттының қызы кәрі-құртанды менсінбейді. Пенде де болмайды. Мәйегі аузынан шыққан малдылар ұлы мен қызының өздерімен иықтас келетіндердің балаларымен жұптасқанын, сүйтіп күштілермен құда болуды қалайтын. Торға түсетін кемтарлардың қыздары, жетім-жесірдің көзінің ағы мен қарасы еді. Олар қаншама сұлу да сымбатты, ақылды болса да аңсаған арманына жете алмай қайғының уын жұтып, «бөктергінің тырнағына ілініп» кете барады. Балғанымның да осындай хал кешуі ғажап емес.

Зар заманда зарлап қалған қыз шарасыздан өз басына өзі шырмау салды. Байдың тоқалы болуға белін бекем байлап, босағасынан аттады.

Балғанымды осындай қадам жасауға итермелеген қандай күш?

Әлде ағалары, қара басып, бағып жүрген малынан айырылып қалып, бoryшқа белшесінен батты ма?

Болмаса қалың мал үшін көп мал айдатып, көңілдері бітісті ме?

Екі ағасы көзінің ағы мен қарасындай жалғыз қарындасын қалай еріксіз тоқалдыққа қияды?

Жастайынан жетімдік ширатқан пысық қыз еріксіз мал бергеннің жетегіне еріп жүре бере ме?!

Қыз бала табиғатында ата-анасының, бауырларының қамын ойлап, оларды камқорлап жүреді. Олай болса, Балғаным бауырларын басыбайлы жалшылықтан құтқару ниетімен шалыс басса керек.

Жылдар өткен сон:

Дүние-ай, қарап тұрсам, шолақ екен,

Адамдар бір-біріне қонақ екен.

Құлпырған жауқазындай қайран жастық,

Қар жаумай, қазан ұрмай солады екен, – дегендей қапаланарын қайдан білсін.

Байшыкештің жас иіске деген құмары қанбай жатып, ел басына адам айтқысыз аласапыран күн туған еді. Бірінші дүниежүзілік соғыста әлсіреген орыс патшасының қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар орнату жөніндегі жұмыстар үшін бұратаналарды алу жөніндегі 1916 жылғы маусымдағы жарлығы халықты дүр сілкіндіріп жіберген-ді. Ол бойынша 19 бен 43 жастағы еңбекке жарамды жігіттер

соғыс қимылдары жүріп жатқан аймақтағы қара жұмыстарға тартылуы тиіс болатын. Бұл патша жандайшаптарының зорлығы мен қорлығын көріп жүрген халықтардың ашу-ызасын шақырғаны мәлім. Ал шенділер мен шекпенділер зобалаң шақта қандастарының тартқан қасіретіне ортақтасудың орнына өз құлқынының құлы болып қала берді. Болыс пен ауылнайлар параның «пәрменімен» бозбаланы он тоғыздан асырып, жігіт ағасын қырық жасқа жеткізбей көрсетіп, ақ патшаның жендеттерінің қолына көгендеп беріп жатты. Мал бергеннің баласы «балиғатқа жетпей», сақал-мұрты жаңа сапсиган жігіттерінің жасы қырық бес пен елу жасты еңсерген болып, тізімге ілікпей қала берді. Осындай әділетсіздікке ашынғандар патша жарлығын орындаудан бас тартып, қарсылық білдіре бастады. Топтасып келіп, ауылнай мен болыстардың тізімдерін тартып алып, жоқ қылды. «Жат жерде сүйектеріміз қалғанша, туған топырағымызда өлейік» деп ашық қарсылық ұйымдастырды. Қара жұмысқа жарап, айдалып бара жатқандарды патша жендеттерінің қармағынан күшпен құтқарып, олардың қолындағы тізімді құртып отырды. Бұйра-бұйра құмдардың арасына сүңгіп, қалың сорлардың адам таба алмайтын жыра-жықпылдарында пана-лап, кең даланың ойлы-қырлы, ойпауыт жерлерінде тығылып жүрген жаужүрек жігіттердің қапыда ұсталып, тар қапасқа қамалғандары, соғыстың қиямет-қайымының ортасына апарылып, қапияда мерт болғаны қаншама.

Сұм патша тоз-тоз қылып есіл елді,
Талай қыршын өмірді текке қиды.

Кенен Әзірбаев.

Осы сапырылыста қосақ арасында кетті ме, әлде басқа себептермен байланыс үзілді ме бұл арасы беймағлұм. Ағалары Берғали мен Қазығалидың кейінгі тағдыры туралы Балғаным да, онымен кездесіп жүзбе-жүз дидактасып сұқбаттасқан қаламгерлер де ләм-мим демейді.

Ал Бисенбай бай бұл қиын-қыстаудан қиналмай шықса керек. Десек те алда талай-талай тар жол тайғақ кешу күтіп тұрған-ды.

Патшаның «Июнь жарлығының» кеселінен айықпай жатып, Ақпан төңкерісі елді тағы дүрліктірді. Ақ патшаның тақтан құлауы бостандық пен теңдікті аңсаған халықтардың үміт отын жандырып, келешегінің келісті болатынына сенімін арттырған-ды. Алаштың арыстары осы тұста қазақ халқының патшалық езгіден құтылып, дербес мемлекет құқығын иеленуі үшін күрестің көшбасшысы ретінде танылды. Алайда

күштердің басым салмағы қызылдар жағында болғандықтан, сондай-ақ ұлттың тәуелсіздігіне толықтай кепілдік берілетіні жөніндегі келісімге орай «Ойыл уәлаятының» басшылары большевиктермен одақтасқаны белгілі. Біріккен күштердің бірегей қимылынан Атырау аймағын ақгвардияшылардан тазартылғаны да тарихтан белгілі.

Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы тартыс та тегеурінді жүрді. Байлар биліктен айырылғысы келмеді. Кедейлердің ел басқару тәжірибесі жетіспейтін. Көкірегі ояулардың көзі қарақты емес-ті. Мұны арам ойлылар өз мақсатына пайдалана білді. Бай мұртын майлай түсті. Кедейлер таз телсегін киген қалпында қала берді. Өйткені, көбінің мал-мүлкі тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткен-ді. Шаруаның ісі оңға баспады. Халық кеңестік саясаттан түңілуге айналды. Ел ашыға бастады. Күйзеліске ұшырағандар ауылдан қалаға, мұнай кәсіпшіліктерінде ағылды. Бірақ бұл аймақтарда да жағдай мәз емес-ті. Бүкіл қазақ жерін, тіпті күллі кеңестік Ресейді жайлаған аштықтан халық қырыла бастады. Жағдайды түзету үшін большевиктер әртүрлі шараларды ойлап тапты.

Халқымыз «Қу жақ» атап кеткен Голощекин республикалық партия ұйымын басқаруға келген 1925 жылдан бастап елге лаң кіріп, дүрлігу күшейді. Қазан революциясы «ауылдың жанынан құйындай өте шыққан» деп сандырақтаған ол Қазақстанда «Кіші Октябрь төңкерісін» жасау идеясын ұсынып, ойлаған жоспарын ыждағаттап жүзеге асыруға кіріскен-ді. «Қазақ даласына өркениетті енгіземіз!» ұранымен көшпелі қазақты отырықшылыққа көшіру қолға алынды. Ауыл маңы тақыршаққа айналған соң ұжымға біріккен шаруалардың тіршілігі оңбай қалды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» ұранымен байдың да, жарлының да малдары, сауыны мен көлігі ортаға салынды.

Бұл қуғын-сүргін 1927 жылғы қарашада өткен жалпықазақстандық VI партия конференциясында көшпелі мал өсірушілерді жаппай жерге орналастыру жөнінде алынған қарардан кейін ерекше пәрменмен жүзеге асырылған-ды.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің!» дегендей, 1928 жылдың тамызындағы «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қазақ үкіметінің декреті шыққаннан кейінгі халықтың көрген зәбірі бұрынғыдан бетер болды.

Гурьев округі бойынша бұл халыққа қара түнек тудырған заңды округтік атқару комитетінің төрағасы Мыңбаев басқарған комиссия жү-

зеге асырады. Оның құрамында Мемлекеттік саяси басқарманың, жер басқармасының, «Қосшы» одағының, орман-жер қоғамының, округтік прокуратураның өкілдері болған. Тәркілеуге бұрынғы болыстар, хан-сұлтанның балалары, ақсақалдар мен билер, молда мен ишандар, бұрынғы алашордашылар, атқамінерлер мен төрелер, малы ірі қарамен есептегенде 300 бастан асатын ірі байлар жатқызылыпты. Қорытындысында 24 шаруашылық тәркіленіп, оның 20-сы Петропавл округіне, үшеуі Қазақстаннан тыс жерге, біреуі өз қалауымен жер аударылыпты.

Бір қарағанда сергелдеңге ұшырағандар саны көп емес сияқты. Ақиқатында ауданда құрылған комиссиялар әрбір шаңырақтың мал-жанын есептеу, оның дұрыстығын куәландыратын құжаттарын талап етіп, болмаса анықтамалар жасақтау, бой тасалағандарды іздестірумен айналасын алашапқын әбігерге түсірулі. 1928 жылғы 6 қыркүйектен жыл аяғына дейін тек Қызылқоға ауданының 34 ауылында 8519 адам қатысқан 125 жиңалыс, 95 адам қатысқан екі аудандық конференция өткізіліпті. Нәтижесінде алты адам тәркілеуге жатқызылған. Олар – Кемесаев Байтілеу, Мендіғалиев Демеу, Жұмабаев Дүзелбай, Жұлдызов Жұмақұл, Елеубаев Бабас, Игіліков Әлжан. Бұлардың арасынан ауаткомнан анықтама алған Елеубаев Бабас бір әйелімен малының жартысын айдап, Адай округіне қашып кетулі. Ал келген өкілдердің біреуімен келісім жасаған Игіліков Әлжан Адай округіне үдере көшіпті. Аудандық комиссияның ұсынысымен үш адам тәркілеуге ілінетіндердің тізімінен шығарылыпты. Олар – Есболғанов Бисенбай, Жанайысов Избасар және Мырзағалиев Жақсығали.

(Келтірілген мәліметтер ҚР Мемлекеттік мұрағаты, 135-қор, 1-тізімдеме және Атырау облыстық мұрағаты, 3-қор, 3-тізімдемеде жинақталған істерден алынды).

Қойыс Шеркештен тарайтын Шүйіш тайпасының шежіресіне тағы бір үңілсек, жоғарыдағы үшеудің бірі, яғни Есболғанов Бисенбай бәйбішесінің үстіне әйел қып алған мұңлық Балғанымның күйеуі екенін аңғарамыз. Бірақ олардың бергі ұрпақтарынан мәлімет ала алмаймыз. Себебі сүйенетін еш дерегіміз жоқ. Сонда да маңдайына мал біткеннен басқа жазығы жоқ, атадан балаға мұра болған дәулетінің арқасында ел қатарлы және ел ортасында өмір сүрген жақсылардың тіршілігінің шәт-шәлекейін шығарған зар заманнан суыртпақтап сыр тартып қарайық.

Тәркілеуге жататын ірі байдың тізіміне әуелі енгізіліп, содан кейін шығарылған әулеттің қаншалықты әуре-сарсаңға түскенін болжаудың

өзі қиын. Тек жиған-тергенін тартып алып, тыныштық берсе бір сәрі. Өздерін бас бостандығынан айырып, түрмесіне қамайды да азапқа салып қояды. Сайын даласында еркін өскен қыр қазағына бұдан асқан қорлық жоқ. Содан да олар тар қапаста тарыққанша «аз күн болса да азат жүрейін» ойымен құлақ естісе де көз көрмеген жерге кетіп, жайбарақат өмір сүруге талаптанса керек. Осы мақсатпен олар бой тасалайтын жер, бас паналататын ағайын іздеп, жан-жаққа шұбырған-ды. Бірақ барған жер де басынан сипай қойған жоқ. Әйтеуір, «еркін жүрмін» демесе, не бәленің бәрін басынан кешіріп, қорлық көрген-ді.

Көресіні көріп, азап шеккеннен кейін туған топыраққа жетуге асықты. Бірақ ондай бақытқа ілуде біреудің ғана қолы жеткен-ді. Қалғандары тірлік етіп барған жерлеріне сіңісіп кетулі. Кері қайту жолы да азаппен бейнетке толы болған екен. Жегін түйе, мінер ат қалмағандықтан олар қарттары мен сәбилерін жалғыз арбаға мінгізіп алып, басқалары соңынан ілбіп, туған жерге бет алады ғой. Бірақ кезінде еркіндеп жүретін ата қонысқа түнде жортқан барымташылардай жасырынып кірсе керек. Сонда да шолақ белсенділердің «сыбырлауынан» қорыққан олар басқа жерге барып, бас сауғалауға мәжбүр болды.

Бұқараның басынан түскен нәубет бұл ғана емес-ті. Елден безген бай-мырзалар жан сақтаудың жөні осылай деп, екінші алғанын бала-шағасымен талақ етіп, оған қоса нәпақа етерлік өнжеулі ештеңе қалдырмай жұртқа тастап кете барыпты. Қорғансыз қалған бейшаралар күнелтіс үшін кімнің құзырына құлдық ұрмады, иә кімнің есігін сағаламады дейсіз.

Балғаным да осындай тағдыр талкегіне ұшыраған сыңайлы. Әлбетте қолға ұстатқандай етіп көрсетуге қағазға түсірілгендерді кездестірмедік. Тек кейбір жанама деректер осындай ойға жетелейді.

Өмірбаян деректерінде бір беймәлім жайт бар. Атап көрсетсек, тұрмысқа 17 жасында шыққан жас әйел отызға келгенше ана атанбайды. Яғни алғашқы күйеуімен отасқан 10-12 жыл ішінде бала көтермеген. Жарық көрген перзенті тұрақтамауы да мүмкін. Иә, балаларды бай мен бәйбіше өздерімен бірге алып кеткен. Мұндай жағдайда Балғанымның жападан жалғыз қаңғып қалары сөзсіз. Ал панасыз жан қаңыраған қыстауда отыра бермей күнкөріс үшін тырбанатыны анық. Бір үйдің кірін жуып, екіншісінің баласын бағып амалдар еді. Байдың тоқалын паналатып отырғанын, әрі қамқор болған адам басқа біреудің еңбегін қанап жүргенін хабарлап, басын әуре-сарсаңға салып қояды. Жаны

ашып, аяушылық білдіретіндер де баршылық. Бірақ заңның қаһарынан, шолақ белсенділердің айтағынан ығысады. Атажұртта қалған жоқ-жітіктеу ағайын-туыс қол ұшын бергісі келеді-ақ. Амал не, олардың өздері де тапшылықтың тауқыметін тартуда. Содан да «барар жер, басар тауы болмай» қалады.

Бұл жалғыз Балғанымның басына түскен зауал емес-ті. Шолақ саясаттың шырмауынан шыға алмай серіктестікке біріккендер малдарына жазда жайылым, қыста жемшөп жетпей жұтай бастады. Тәркіленгендер жұмақты жер іздеп шұбырғанда кедей байғұстардың ілесуге шамалары келмей күйзелді. Себебі, алдымен олардың бірер жандығы мен ат-көлігі ортаққа салынып кеткен-ді. Екіншіден, әлгілердің қолында кім екенін анықтайтын және де жүріс-тұрысының мән-жайын растайтын құжаты болуы шарт еді. Әйтпесе қашқынға есептеліп, түрмеге қамалатын, иә әкімшілік жазаға тартылатын.

Балғанымның осындай тығырыққа тірелуі ғажап емес екен.

Қәрікұлақ қариялардың бірі Жайлаш Адаев ақсақал былай әңгімелейді:

– Сол алмағайып заманда (1927-1930 жылдардың шамасы) ауылдық Кеңестің мөрі мен құжаттарын ауылдық Кеңестің хатшысы менің немере ағам Балақойшыға тапсырып, шақырту бойынша Гурьевке (Атырау) кетулі. Бір күні Балғаным ауылдық Кеңестің кеңсесінен шықпай отырып алады. Бұйымтайы өзінің құжаттарын түгендеу екен. Күйеуінің жегжаттығы бар-ды. Әйтеуір «қайным» деп жабысып, қиылып сұраған соң өтінішін орындапты.

Көнекөз ағаның естелігіне сүйене отырып, өткен күндерден сыр суыртпақтасақ бір шындықтың беті ашылғандай.

Өмірдеректерінде Балғаным Жәкес және Кәрім атты ұлдары бар екенін жазады. Үлкені Жәкес 1928 (бір деректе 1927) жылы, кішісі Кәрім 1930 жылы өмірге келіпті. Және «күйеуім Қабылқожа Досбаев» деп көрсетеді. Өзі барлау-ізвестіру кеңсесінде (разведка) жұмыс жасапты.

Ұжымдастырудың екпінімен, тәркілеудің тегеуірінімен есеңгіреген, малынан айырылып жұтаған, апаршылыққа ұшырап сенделген халық паналайтын жер іздеп, қалаларға өндіріс орындарына шұбырғаны тарихтан мәлім. Солардың қатарында Балғаным мен Қабылқожа болғанға ұқсайды. Екеуі отасқан соң келді ме, әлде жұмысқа орналасқан соң қосылды ма, ол жағы бимағлұм. Біз тек ғұмырнамалық деректерді тарихи дәйектермен салыстыра отырып, жорамалдауға мәжбүрміз.